

№ ____ микрокредит беру туралы шарт

1. Шарттың жалпы талаптары

- 1.1. Шарттың жасалған күні: 202__ жылғы «__» _____.
- 1.2. Қарыз беруші: «Ақшамат» сауда белгісімен әрекет ететін, бұдан әрі «Қарыз беруші» деп аталатын «Finbox» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
- 1.3. Қарыз алушы: өз атынан әрекет ететін, бұдан әрі «Қарыз алушы» деп аталатын _____, ЖСН _____.
- 1.4. Микрокредит сомасы: _____ (_____) теңге.
- 1.5. Микрокредитті өтеу мерзімі: 202__ жылғы «__» _____.
- 1.6. Сыйақы мөлшерлемесі: __% (_____) жылдық пайыз, бұл ретте жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі __% (_____) пайызды құрайды. Шарт бойынша микрокредитті пайдаланудың барлық мерзімінде артық төлемнің жалпы сомасы _____ (_____) теңгені құрайды.
- 1.7. Микрокредитті өтеу тәсілі: Микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес – Қарыз берушінің кассасы арқылы, төлем терминалдары арқылы немесе келесі деректемелер бойынша қолма-қол ақшасыз төлем арқылы: БСН 150940005022, ЖСК KZ75722S000000975767, «Kaspi Bank» АҚ-дағы КБЕ 15, БСК CASPKZKA.
- 1.8. Микрокредитті өтеу әдісі: Микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес аннуитет.
- 1.9. Микрокредитті өтеу кезектілігі:
- 1) негізгі борыш бойынша берешек;
 - 2) сыйақы бойынша берешек;
 - 3) Шарттың 1.10. тарауына сәйкес есептелген өсімпұл.
 - 4) Қарыз берушінің Шарт бойынша Қарыз алушы міндеттемелерін орындауға арналған шығындары.
- 1.10. Айыппұл санкцияларын есептеу тәртібі және мөлшері: орындалмаған бірінші күннен бастап, бірақ төлемнің мерзімі қатарынан 90 (тоқсан) күннен аспайтын, төлемнің мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының __% (_____) пайызы мөлшеріндегі өсімпұл. Бұдан басқа, кепіл туралы шартта көзделген оның талаптары бұзылған жағдайда Қарыз алушы айыппұл санкцияларын төлеуге тиіс.
- 1.11. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету: Қарыз алушыға тиесілі _____ маркалы (модельді) автокөлік, _____ жылы шыққан, сәйкестендіру нөмірі (VIN) _____, түсі _____, тіркеу нөмірі _____, жылғы «__» _____ № _____, _____ сериялы өлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – Кепілге берілген мүлік).
- 1.12. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не болмаса тиісінше орындамаған кезде микроқаржы ұйымы қабылдайтын шаралар: өсімпұл есептеу/өндіріп алу; Қарыз алушының Шарт бойынша барлық міндеттемесін мерзімінен бұрын орындауын талап ету; Қарыз алушының ұялы телефонына (СМС), электрондық поштасына, Қарыз алушының тұратын/тіркелген жері бойынша хабарламаларды жіберу арқылы, байланыс телефондары арқылы Қарыз алушыны хабардар ету; үшінші тұлғаларды, соның ішінде жұмыс берушіні және микрокредит алған кезде Қарыз алушы сауалнамада көрсеткен тұлғаларды Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны туралы хабардар ету; берешекті сот тәртібімен өндіріп алу; Кепілге салынған мүлікті соттан тыс сатуды жүргізу; Кепіл мүлкін Қарыз алушымен не оның өкілімен бірлесіп сатуды жүргізу; Шарт бойынша атқарушылық жазбаны жасау үшін нотариусқа жүгіну; Қарыз алушының келісімінсіз Шарт бойынша кез келген және/немесе барлық өз құқығын (талабын) үшінші тұлғаларға беру немесе

өзгеше түрде беру; Қарыз алушының тапсырмасын орындау үшін оларға ақпарат пен құжаттарды бере отырып, берешекті өндіріп алуды үшінші тұлғаларға тапсыру; қолданыстағы заңнамада және Шартта көзделген өзге де шараларды қолдану.

1.13. Шарттың қолданылу мерзімі: шарт жасалған күннен бастап Тараптар өзіне қабылдаған міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

1.14. Қарыз берушінің байланыстары: электрондық адресі - info_finbox@mail.ru, ресми интернет ресурсы – akshamat.kz. пошталық мекенжайы Шарттың 12-тармағында көрсетілген .

1.15. Қарыз берушінің үшінші тұлғаға құқықтарды (талаптарды) беруі: Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда, Қарыз беруші Шарт бойынша құқықтарды (талапты) үшінші тұлғаға (коллекторлық агенттікке) қайта беруге құқылы, бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында Қарыз беруші мен Қарыз алушының Шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер өз қолданысын құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен Қарыз алушының құқықтық қатынастарына қолданады.

2. Міндеттемелерді бұзғаны үшін Шарт тараптарының жауапкершілігі

2.1. Қарыз алушының міндеттері:

2.1.1. микрокредитті уақтылы қайтаруды және оны пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуді Қарыз берушінің кассасына қолма-қол ақша салу жолымен, төлем терминалдары арқылы немесе өтеу кестесіне сәйкес Қарыз берушінің шотына аудару арқылы, бірақ Шарттың 1.5-тармағында көрсетілген мерзімнен кешіктірмей қамтамасыз ету.

2.1.2. Қарыз берушіге Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындау қабілетіне елеулі және теріс әсер етуі мүмкін кез келген жағдайдың немесе мән-жайлардың туындағаны туралы дереу жазбаша хабарлар ету, сондай-ақ Қарыз берушіге Шарттың қолданылу мерзімі ішінде микрокредит алу кезінде Шартта және сауалнамада көрсетілген тұрғылықты жерінің, жұмысының, тегінің, отбасы құрамының және Қарыз алушы туралы басқа да деректердің өзгергені туралы хабарлау;

2.1.3. Кепіл мүлкін жоғалту/бүлдіру/ жоғалту тәуекелі туралы Қарыз берушіге дереу жазбаша хабарлау;

2.1.4. Кепіл мүлктің жоғалуы/бүлінуі/жоғалту тәуекелі туындаған жағдайда Қарыз берушінің талабы бойынша Кепіл мүлкті осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін қамтамасыз етуге (кепілге) беру арқылы оны Қарыз берушімен келісім бойынша тең бағалы мүлікке ауыстыруды жүргізу;

2.1.5. Қарыз берушінің талабы бойынша 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде микрокредиттің қайтарылуын, кепілге салынған мүлктің бар болуын және жай-күйін бақылау үшін барлық қажетті материалдарды, сондай-ақ өзінің қаржылық, мүлктік жағдайына қатысты кез келген ақпарат пен құжаттарды және басқа да ақпаратты және осы шартқа қатысы бар құжаттарды ұсыну.

2.2. Қарыз алушы растайды:

2.2.1. ол өзінің іс-әрекетінің маңыздылығын толық түсініп, ерікті түрде Шарт жасағанын;

2.2.2. Шарттың барлық талабын, шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін толық түсінетінін және әділ деп санайтынын және олармен келісетінін;

2.2.3. Шарт жасасу үшін қажетті барлық қажетті құжаты бар және оның талаптарын орындауға қабілетті екенін;

2.2.4. әрекет қабілеттілігі шектелмегенін, Шартты жасасу және орындау кезінде кез келген үшінші тұлғаның келісімі талап етілмейтінін;

2.2.5. Шарт Қарыз алушы үшін міндетті болып табылатын кез келген шарттық шектеулерге қайшы келмейтінін;

2.2.6. Шартқа қол қойылған күні оған қол қою және орындау үшін қандай да бір кедергілер және кез келген сот тергеулері (даулар), қарыз алушының қаржылық жай-күйі мен төлем қабілеттілігіне елеулі және/немесе теріс әсер етуі мүмкін мемлекеттік бақылаушы органдар тарапынан тексеру болмағанын;

2.2.7. Шартқа қол қойылған күні Кепіл мүлкіне қандай да бір шектеулер мен ауыртпалықтар салынбағанын, кепіл мүлкі Қарыз алушының өзге де міндеттемелері бойынша, үшінші тұлғалардың наразылығынан еркін кепіл нысанасы болып табылмайтынын, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық іс жүргізудегі (соттағы) дау нысанасы емес екенін;

2.2.8. Қарыз алушы Қарыз берушіге осы Шартты жасасу үшін ұсынған құжаттар және Шартты орындауға байланысты кез келген басқа құжаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген қандай да бір жалған немесе қате мәліметтерді қамтымайтынын;

2.2.9. микрокредитті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін мақсаттар үшін ғана пайдаланатынын;

2.2.10. Қарыз беруші Қарыз алушының өтініштерін негізге ала отырып Шарт жасасқанын және олардың Қарыз беруші үшін елеулі мәні бар екенін мойындайтынын.

2.3. Қарыз беруші Шарттың талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

3. Қарыз алушының құқықтары:

3.1. микрокредиттер беру қағидаларымен, кепіл шартымен, микроқаржы ұйымының микрокредиттер беру жөніндегі тарифтерімен танысу;

3.2. алынған микрокредитке Шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда билік ету;

3.3. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне тап келсе, айыппұл санкцияларын (өсімпұлды) төлемей, одан кейінгі жұмыс күні негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеуді жүргізу қажет, бұл ретте шарттың 1.6-тармағында және микрокредитті өтеу кестесінде көрсетілген сыйақыны Қарыз алушы микрокредитті пайдалану мерзіміне қарамастан, Қарыз берушіге толық көлемде төлейді;

3.4. айыппұл санкцияларын төлемей, шарт бойынша берілген микрокредит сомасын Қарыз берушіге мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару, бұл ретте шарттың 1.6-тармағында және микрокредитті өтеу кестесінде көрсетілген сыйақыны Қарыз алушы микрокредитті пайдалану мерзіміне қарамастан, Қарыз берушіге толық көлемде төлеу;

3.5. «Микроқаржы қызметі туралы» 26.11.2012 жылғы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін Қарыз беруші шарт бойынша құқықты (талап етуді) берген жағдайда банк омбудсманына жүгіну;

3.6. көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз берушіге жазбаша түрде жүгіну.

4. Қарыз берушінің құқықтары:

4.1. Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту;

4.2. Шарттың 1.10-тармағына сәйкес негізгі борышты және/немесе сыйақыны қайтару мерзімдерін бұзғаны үшін айыппұл санкцияларын есептеу;

4.3. Қарыз алушы микрокредитті не оның бір бөлігін қайтару және/немесе сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді 40 (қырық) күнтізбелік күннен астам бұзған кезде, сондай-ақ кепіл мүлкін жоғалту, бүлдіру не жою тәуекелі туындаған жағдайда микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету.

4.4. осы Шарт бойынша берешекті өтеу есебіне Қарыз алушымен бірге Кепіл мүлкін өткізуді жүзеге асыру;

4.5. осы Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелері орындалмаған/тиісінше орындалмаған жағдайда кепіл мүлкін соттан тыс сатууды осы Шарт бойынша берешекті өтеу есебіне жүргізу;

4.6. Кепіл мүлкін жоғалту, бүлдіру не жоғалту тәуекелі туындаған жағдайда Қарыз алушыдан Кепіл мүлкін тең бағалы мүлікке ауыстыруды талап ету.

4.7. Қарыз алушының (оның уәкілетті өкілінің) қолдауы бойынша жекелеген жағдайларда, бос ресурстар болған кезде, микрокредитті қайтару мерзімдерін ауыстыруды жүзеге асыру.

5. Қарыз берушінің міндеттері:

5.1. Қарыз беруші құқығының (талап ету) осы Шарт бойынша үшінші тұлғаға өту талаптары (талап ету құқығын басқаға беру шарты) қамтылған шартты жасасу кезінде қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар ету;

1) құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін осы Шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен өңдеу туралы талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін;

2) үшінші тұлғаға микрокредитті өтеу бойынша (осы Шарт бойынша құқықтар (талаптар) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері) одан әрі төлемдердің тағайындалуын, берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға құқықтың (талаптың) ауысуы туралы;

5.2. микрокредит бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз алушыға «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында белгіленген мерзімде жазбаша түрде жауап беру;

5.3. Қарыз беруші Шартта көзделген тәртіппен жақсартылған талаптарды қолданған жағдайда, Қарыз алушыны осы Шарт талаптарының өзгергені туралы хабардар ету;

5.4. осы Шартқа Тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесін қоса беру;

5.5. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасы (мөлшері) және/немесе оларды төлеу мерзімі өзгерген кезде Қарыз беруші жаңа шарттарды ескере отырып, Қарыз алушыға микрокредитті өтеудің жаңа Кестесін жасауға және беру;

5.6. Қарыз алушыны микрокредит алу мәселелері және Шарт талаптары бойынша консультациялармен қамтамасыз ету.

6. Қарыз беруші үшін шектеулер:

6.1. Қарыз берушінің құқылы емес:

6.1.1. сыйақы мөлшерлемесін (оны төмендету жағдайларын қоспағанда) және/немесе өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгерту;

6.1.2. Қарыз алушыдан микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеуге және алу;

6.1.3. Қарыз алушыдан қарыз берушіге микрокредит сомасын, тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) және микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін басқа да төлемдерді мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруды талап ету;

6.1.4. осы Шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайту;

6.1.5. егер негізгі борышты және сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) өндіріп алу және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;

6.1.6. кез келген валюталық баламасына байланыстыра отырып, осы Шарт бойынша теңгемен берілген міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуді жүргізу.

7. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі

7.1. Осы Шартқа барлық қосымша, өзгеріс пен толықтырулар жазбаша түрде жасалуы және Шартқа міндетті түрде сілтеме жасала отырып, екі тарап қол қоюы тиіс.

8. Берешекті сотқа дейін реттеу тәртібі

8.1. Осы Шарт бойынша мерзімі өткен берешек туындаған жағдайда, Тараптар берешекті сотқа дейін реттеудің мынадай тәртібіне келіседі, ол мыналарды көздейді:

8.1.1. Қарыз беруші Қарыз алушыға жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып, микрокредит алу сауалнамасында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына, осы Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі микрокредит алуға арналған сауалнамада көрсетілген Қарыз алушының ұялы телефонына СМС-хабарлама жіберу не өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей, төмендегі мазмұнды хат жібереді:

1) хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің, оның ішінде негізгі борыштың, сыйақының және тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшерін көрсете отырып, осы Шарт бойынша төлемдер енгізу қажеттілігі;

2) осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өтуі басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз алушының Қарыз берушіге осы Шартта көзделген тәсілмен жүгінуі, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің кешіктірілуінің туындау себептері, кірістері және осы

Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішін негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішпен жүгінуі арқылы Тараптардың келісімі бойынша берешекті реттеу мүмкіндігі;

3) Қарыз алушының осы микрокредит беру туралы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары, оның ішінде Қарыз берушінің міндеттемені орындау мерзімін кешіктірген немесе берешекті реттеу жөнінде Қарыз алушымен келісімге қол жеткізілмеген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ұйымға жүгінбеген жағдайда, Қарыз алушының келісімін алмай, нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті өндіріп алу құқығы бар.

Бұл ретте Қарыз алушыға Шарттың осы тармақшасында көрсетілген тәсілдермен жіберілсе, хабарлама жеткізілді деп есептеледі деген келісімге келді.

Хабарлама адресатқа, алушыға немесе оны қабылдаудан бас тартуға байланысты беру мүмкін еместігі туралы жазбамен қайтарылған жағдайда, сондай-ақ оның қабылданғаны туралы расталмаған және/немесе басқа байланыс құралы қолданылған кезде алынған Келісімнің осы тармақшасында көрсетілген байланыс, оның ішінде нөмірдің өзгеруіне және/немесе микрокредит алуға өтінімде көрсетілген Қарыз алушының ұялы телефонының ажыратылуына байланысты SMS хабарламалар жеткізілмеген жағдайда, хабарлама дұрыс жолданды деп есептеледі.

8.1.2. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде осы Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және осы Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішіне негіз болатын басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішпен Қарыз берушіге осы Шартта көзделген тәсілмен жүгінуге құқылы;

8.1.3. Қарыз беруші Қарыз алушының осы Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістер туралы өтінішін және жазбаша нысанда не осы Шартта көзделген тәсілмен келісу туралы, берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары немесе дәлелді бас тарту туралы хабарламаны алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде міндетті;

8.1.4. Қарыз беруші негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті Қарыз алушының келісімін алмастан, нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде, мынадай жағдайларда өндіріп алуға құқылы:

1) Қарыз алушы тараптардың келісімі бойынша берешекті реттеу үшін Қарыз берушіге жүгінбеген және Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде берешек бойынша өтініш бермеген;

2) Қарыз алушының өтінішін қарау және Қарыз алушының берешек бойынша қарсылық білдірмеуі нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізбеген.

Бұл ретте Тараптар Қарыз алушының берешек бойынша өтініш бермеуі оның осы Шарт бойынша міндеттемені орындамаудағы кінәсін мойындауы болып табылады деген келісімге келді.

9. Құпиялылық және ақпаратты ашу

9.1. Тараптар Шартқа, оның мазмұнына, Шартқа қатысты барлық ақпарат пен құжаттарға қатысты қатаң құпиялылықты сақтауға міндетті және Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай құпия ақпаратты екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды және/немесе жария ете алмайды.

9.2. Тараптар жалпыға белгілі болатын, құпиялылық туралы міндеттемені бұзбай үшінші тараптың Тарапынан белгілі болған, немесе заңды негізде немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың заңды талабы бойынша жария етілуге тиіс ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауға міндетті емес. (P)

9.3. Қарыз алушы осымен Қарыз берушіге Қарыз алушыдан алынған ақпаратты қоса алғанда, Қарыз алушы туралы кез келген ақпаратты жинауға, сақтауға, пайдалануға, таратуға, өзгеше түрде өңдеуге, оны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, кез келген үшінші тұлғаларға беруге өзінің келісімін және құқығын береді:

9.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кез келген кредиттік бюро;

9.3.2. осы Шарт бойынша талап ету құқығын басқаға беру және/немесе борышты аудару жөніндегі шарттарды жасасу кезінде және/немесе осындай шарттарды жасасу мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін;

9.3.3. өз функцияларын орындауды қамтамасыз ету немесе қызметтер көрсету үшін осындай тұлғалар мен Қарыз беруші арасында жасалған шарттарға сәйкес қызметтер көрсететін Қарыз берушіге ұсыну;

9.3.4. осы Шарт бойынша Қарыз берушінің құқығын іске асыру үшін қажетті жағдайларда, оның ішінде Шарт бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу кезінде;

9.3.5. басқа жағдайларда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес.

9.4. Қарыз алушы осымен Қарыз берушіге қандай да бір шектеулерсіз және кез келген мақсатта Қарыз алушы туралы ақпаратты жинауды, тіркеуді, жинақтауды, сақтауды, бейімдеуді, өзгертуді, жаңартуды, пайдалануды және таратуды (таратуды, өткізуді, беруді), несіздендіруді, жоюды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, оның кез келген дербес деректерін өңдеуге өзінің біржақты, сөзсіз, қайтарып алынбайтын келісімін береді.

10. Дауларды шешу

10.1. Тараптар Шартқа қатысты туындаған немесе оған байланысты Тараптар арасындағы барлық дау мен келіспеушілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіп нормаларын сақтай отырып, Алматы қаласында бір төреші құрамында көрсетілген төреліктің регламентіне сәйкес «Арбитраж Алматы» ЖШС жанындағы Алматы төрелігінде шешіледі деген келісімге және ниетке келді. Бұл ретте көрсетілген төреліктің шешімі шығарылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болып табылады және шығарылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде ерікті түрде орындалуға жатады. Шешім ерікті орындау мерзімі аяқталған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде орындалмаған жағдайда, шешім Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп орындалады.

11. Басқа шарттар

11.1. Шарт тараптарының келісімі бойынша микрокредит мерзімінің аяқталуымен Шарттың 1.5-тармағында көрсетілген күн, яғни Қарыз берушінің қассасы жабылғанға дейін немесе төлем терминалдарында 23 сағат 59 минутқа дейін қабылданады.

11.2. Қарыз алушының қаражатты қарыз берушінің қассасынан қолма-қол алған күні микрокредит берілген күн болып есептеледі, микрокредитті алу күнінен кейінгі күн микрокредитті өтеу кестесінде көрсетілген мерзімді есептеудің басталған күні болып есептеледі, ақшалай қаражат Қарыз берушінің қассасына қолма-қол түскен немесе Қарыз берушінің ағымдағы шотына есептелген күн микрокредитті өтеу күні болып есептеледі, бұл қарыз берушінің ағымдағы шотынан үзінді көшірмемен расталады.

11.3. Осы Шартты жасасуға және орындауға байланысты барлық шығынды Қарыз алушы, оның ішінде ақша қаражатын аударуды жүзеге асыратын тұлғаның тарифтеріне сәйкес берешекті қолма-қол ақшасыз өтеуді жүзеге асыру не төлем терминалдары арқылы төлеу кезінде комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша көтереді.

11.4. Осы Шарт әрбір тарап үшін бір-бірден қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды. Барлық даналардың бірдей заңды күші бар. Шарттың қазақ және орыс мәтіндері арасында қайшылықтар болған жағдайда, орыс мәтіні басымдыққа ие болады.

12. Шарт тараптарының деректемелері

Қарыз беруші	Қарыз алушы
«Finbox» микроқаржы ұйымы» ЖШС Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жамбыл көшесі 114/58 BCH 150940005022 ЖСК KZ75722S000000975767 КБЕ 15 «Kaspi Bank» АҚ-да BCK CASPKZKA _____ [уәкілетті тұлғаның лауазымын, Т.А.Ә. көрсету], _____ жылғы № _____ сенімхат	ТАӨ: тұрғылықты жері: СТН: ЖСН: жеке куәлік № _____ _____ жылы _____ берілген ТАӨ _____ (қолы)

негізінде әрекет ететін [сенімхат деректемелерін көрсету]

(колы) М.О.

Микрокредитті өтеу кестесі

_____ ЖЫЛҒЫ
(күні, айы, жылы)

микрокредит беру туралы Шартқа (микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімге)
_____ ЖЫЛҒЫ № _____
(күні, айы, жылы)

теңге

Төлем күні	Кезең үшін төлемдер		Негізгі борыштың (берешектің) қалдығы	
	Төлем сомасы	оның ішінде		
		Сыйақы	Негізгі қарыз	
1	2	3	4	5
Микрокредит беру күні	0 теңге	0 теңге	0 теңге	НҚ-дан 100%
Шарттың 1.5 т. сәйкес күні .	НҚ толық сомасы + НҚ-дан %	%	100% НҚ	0 теңге
Жалпы:	НҚ толық сомасы + НҚ-дан %	%	100% НҚ	
Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі				_____ пайыз
Қарыз алушы тандаған микрокредитті өтеу әдісі				(микроқаржы ұйымының ішкі қағидаларына сәйкес аннуитеттік, сараланған немесе басқа әдіс)

Қарыз беруші	Қарыз алушы
<p>«Finbox» микроқаржы ұйымы» ЖШС Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жамбыл көшесі 114/58 БСН 150940005022 ЖСК KZ75722S000000975767 КБЕ 15 «Kaspi Bank» АҚ-да БСК CASPKZKA</p> <p>_____ [уәкілетті тұлғаның лауазымын, Т.А.Ә. көрсету], _____ жылғы №_____ сенімхат негізінде әрекет ететін [сенімхат деректемелерін көрсету]</p> <p>_____ (қолы) _____ М.О.</p>	<p>ТАӘ: тұрғылықты жері: СТН: ЖСН: жеке куәлік № _____ жылы _____ берілген</p> <p>ТАӘ _____ (қолы)</p>

ҚАЖАМАТ

®